

ЖАҢАЛЫҚТАР

Индонезияда магнитудасы 7,7 жер сілкініп, кемінде 38 адам қаза тапты

Азаттық радиосы

15 тамыз 2026 жыл, 15:39



Құтқарушылар жұмыс істеп жатыр.

Индонезияда сенбі күні таңертең магнитудасы 7,7 болатын жер сілкініп, кемінде 38 адам қаза тапты. Бұл туралы елдің табиғи апаттар салдарын жою агенттігі хабарлады. Құтқару жұмыстары жалғасып жатқандықтан, қаза тапқандар саны әлі өсуі мүмкін.

Жер сілкінісі жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 05:00-ге дейін Флорес аралында болған. Индонезияның метеорология және геофизика агенттігінің мәліметінше, жер сілкінісінің ошағы 15 шақырым тереңде жатыр. Флорес аралы туристер көп баратын Балиден шамамен 1000 шақырым жерде.

Негізгі жер сілкінісінен кейін ондаған дүмпу тіркелді. Олардың бірінің магнитудасы 6,1-ге жеткен. Жер сілкінісінен үйлер мен басқа да ғимараттар зақымданды. Шығыс Нуса-Тенгара провинциясының губернаторы Эмануэль Мелкиадес Лака Ленаның айтуынша, кей тұрғындар ұйықтап жатқан кезде ғимараттардың құлаған бөліктерінің астында қалып, қаза тапқан.

Маумере портында түсірілген видеода терминал ғимаратының ірі бетон бөліктері паром күтіп тұрған адамдардың үстіне құлағаны көрінеді. Кемеге апаратын өткел құлаған кезде бірнеше адам теңізге түсіп кеткен. Жергілікті тұрғындар BBC-ге жер сілкінісінен кейін адамдар үйлерінен шығып, қауіпсіз жер іздеп қашқанын айтты.

Жер сілкінісінен кейін цунами қаупі жарияланды. Теңіз суының кейін шегінгенін көрген кей тұрғындар биік жерлерге қарай қашқан. Табиғи апаттар агенттігінің мәліметінше, шамамен 2000 адам эвакуацияланған немесе қауіпсіз жерге өз бетімен көшкен. Су деңгейінің айтарлықтай көтерілгені байқалмаған соң, шамамен үш сағаттан кейін цунами қаупі алынып тасталды.

Алдын ала мәлімет бойынша, кемінде 54 үй қатты зақымданған. Бұған қоса бес медициналық мекеме, үш діни ғимарат, алты мемлекеттік ғимарат, бір білім беру мекемесі және қойма бүлінген. Табиғи апаттар агенттігі ең көп зардап шеккен аймақтардың бірі Манггарай екенін хабарлады.

Апаттың толық ауқымын анықтауға уақыт қажет болуы мүмкін, өйткені зардап шеккен өңірдің бір бөлігі таулы әрі жету қиын жерде орналасқан. Қайталама дүмпулер жалғасып жатқандықтан, кей тұрғындар үйлеріне қайтуға қорқып, далада жүр.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ